

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ

«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасы» МКҚК

№ 2 ХАТТАМА

«19» желтоқсан 2024 жыл

«ППҚК кеңесінің отырысы– 2024-2025 оқу жылы»

Төрағасы: Курманова Лаззат Бауржановна

Хатшысы: Косанова Гульмира Сабидуллаевна

Қатысқаны: әдіскер: Уразалина Гульнара Басаровна

Психолог: Шамшина Нургуль Мусаевна

Медбике: Аширова Ляззат Молдагалиевна

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Балалардың эмоционалдық жағдайын зерттеу нәтижесі.
2. Жеке балалармен жүрігізіліп жатқан жұмыс қорытындылары.

ТЫҢДАЛДЫ: Бірінші мәселе бойынша балабақша психологы Шамшина Н. М. сөз алды. Қазіргі қоғамда балаларды тәрбиелеуде педагогтер мен ата-аналар көбінесе когнитивтік дамуға көбірек көңіл бөледі де, баланың эмоционалдық саласы тәрбиелеу-білім беру процесінен тыс қалып қояды. IT-технологияларын және цифрландыруды енгізу қоғам өмірінің әртүрлі салаларына қарқынды ықпал етуімен қатар, балаларға теріс әсерін тигізуде, көбінесе мектеп жасына дейінгі бала компьютерлік технологиялармен айналысады да, оның әлеуметке деген қызығушылығы төмендейді, ата-аналарымен, айналасындағы адамдармен эмоционалды байланысты жоғалтады.

Бала айналасында болып жатқан барлық нәрселерге, эмоционалды түрде жауап береді. Бұл жағдайда кенеттен күлкі, ол дереу жылап, сізді таң қалдырмауы тиіс - эмоцияларды азайтып, тез арада алауы мүмкін. Балалардың эмоционалдық даму ерекшелігі. Сондықтан ол, өз эмоцияларын жасыра алмайды, ол оларды басқара алмайды. Бірақ төрт немесе бес жасқа дейінгі балалар тек жағымды эмоцияларды ғана емес, кейде олардың ашуландыратындығын, ашулануын және наразылықтарын көрсете алады. Бірақ бұл эмоционалдық көңіл-күйді жақсы негізделген өзгеріс, өйткені бұл нақты мотивациясы бар белгілі бір әрекеттердің көрінісі. Егер баланың көңіл-күйі бірден өзгерсе, оның себебін іздеңіз.

Жалпы, әрбір ата-ана, тәрбиеші, кез келген бала тәрбиесімен айналысушы тұлға ең алдымен, бала тәрбиесі туралы білімге ие болуы қажет. Осы стратегияларға қысқаша тоқталып өтейік. Олар:

- Баланың көңіл-күйін және оның мінез-құлқының себептерін жақсы түсіну;
- Баланың эмоциясын тану және басқару;
- Баланың жағымсыз эмоцияларын онымен берік қарым-қатынасты сақтау қолдану;

- Эмпатия таныту;
- Баламен оның дамуының барлық кезеңдерінде тығыз қарым-қатынасты сақтауға негіз қалау;
- Сезімдерді балаға түсінікті тілде талқылау;
- Баланы жағымсыз сезімдермен, қиын жағдайлармен, мәселелермен күресуге үйрету.

Балабақшадағы түзету-дамыту тобы балаларының эмоционалдық жағдайын зерттеу бойынша жасалған жұмыстың қорытындысы бойынша, яғни «Піл» әдістемесі негізінде -4 бала жоғары деңгей, 3 бала орташа деңгейді көрсетіп тұр. Бұдан шығатын қорытынды балалардың эмоционалдық жағдайы бірқалыпты, ерекше жұмысты қажет ететін бала анықталмады.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Г.Б.Уразалина тоқталды. Балабақшаның әрбір тобында ерекше білім беруді қажет ететін балалар анықталмады, дегенмен сөйлеу тілінде және зейін тұрақсыздығына ерекшеліктері бар балалар бар. Сол балалармен топ тәрбиешілері күн тәртібіне сай жеке жұмыстар жүргізеді, ол тілдік жаттығулар, нейрогимнастикалық ойындар, т.с.с. Осындай жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде жыл соңында нәтиже болары анық.

Психолог Шамшина Н.М. жалғастырды. Жұмыс жоспары бойынша күн сайын сөйлеу тілі дұрыс қалыптаспаған және зейін тұрақсыздығы анықталған балалармен тұрақты жұмыс жүргізіліп тұрады. Балалармен түрлі әдістер мен ойындар жүргізілді. Жалпы даму деңгейлері бірқалыпты.

ППҚК кеңесі қаулы етеді:

1. Балалардың эмоционалдық жағдайын зерттеу нәтижесі қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Жеке балалармен жүргізіліп жатқан жұмыс қорытындылары тыңдалып, тұрақты жұмыс жүргізілсін.

Төрағасы: _____ Курманова Лаззат Бауржановна
 ППҚК хатшысы: _____ Косанова Гүльмира Сабидуллаевна